

Қазақстан  
Республикасының  
Ұлттық Банкі



Қазақстан  
Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігі

Алматы қаласы

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы «19» қаңтар  
№ 10

2021 жылғы «19» қаңтар  
№ 21

## БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

### Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы

Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуын болдырмау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. 2021 жылғы 19 қаңтардан бастап:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшада көрсетілген субъектілер: қызметтерді онлайн-режимде барынша көрсетуді қамтамасыз етсін; эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес мыналарға жататын аймақтарда қызметін жүзеге асыратын субъектілер:

«қызыл» аймаққа – халыққа қызмет көрсеткен кезде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шараларын қатаң сақтаған жағдайда, өндірістік қажеттілік кезінде қашықтан жұмыс істеу нысанына филиалдың (бөлімшенің, пункттің) штат санының кемінде 40 % (қырық пайыз) қызметкерлері ауыса алатын филиалдарын (бөлімшелерін, пункттерін) қоспағанда, жалпы штат санының кемінде 60% (алпыс пайыз) қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу нысанына ауысуын қамтамасыз етсін;

«сары» және «жасыл» аймақтарға – халыққа қызмет көрсеткен кезде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шараларын қатаң сақтаған жағдайда, өндірістік қажеттілік кезінде қашықтан жұмыс істеу нысанына филиалдың (бөлімшенің, пункттің) штат санының кемінде 30 % (отыз пайыз) қызметкерлері ауыса алатын филиалдарын (бөлімшелерін, пункттерін) қоспағанда, жалпы штат санының кемінде 50% (елу пайыз) қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу нысанына ауысуын қамтамасыз етсін;

2) екінші деңгейдегі банктер клиенттер операцияларын өңдеуді жүзеге асыратын қызметтердің жұмысын ұйымдастыруды және банкоматтардың, терминалдардың, интернет-банкингтің, мобильдік банкингтің және басқа да клиенттердің банктік шоттарын қашықтан басқару жүйелерінің, инкассаторлық қызметтің, call-қызметтің, төлем карталарын жеткізу қызметінің, сондай-ақ олардың ұйғаруы бойынша басқа қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;

3) екінші деңгейдегі банктер және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалар экономика субъектілері мен халықты қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету бойынша үздіксіз қызметті, оның ішінде банкоматтарды қолма-қол ақшамен уақтылы толықтыруды және олардың кідіріссіз жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бірлескен бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысында көзделген шектеу шараларының және (немесе) іс-шаралардың күші жойылғанға дейін қолданылады.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) және Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Банктерді реттеу департаменті (Қизатов О.Т.), Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Медеу Е.А.) және Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) осы бірлескен бұйрықты қаржы нарығының субъектілеріне жіберсін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы**

\_\_\_\_\_ **Е. Досаев**

**Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігінің Төрағасы**

\_\_\_\_\_ **М. Әбілқасымова**

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің және Қазақстан  
Республикасы Қаржы нарығын  
реттеу және дамыту агенттігінің  
2021 жылғы «19» қаңтардағы  
№ 10 және 2021 жылғы «19»  
қаңтардағы № 21  
бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

### Субъектілер тізбесі

1. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде қызметін айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалар
3. Ипотекалық ұйымдар
4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары
5. Сақтандыру брокерлері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары
6. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар
7. Микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар
8. Төлем ұйымдары
9. Коллекторлық агенттіктер

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің және Қазақстан  
Республикасы Қаржы нарығын  
реттеу және дамыту агенттігінің  
2021 жылғы «19» қаңтардағы  
№ 10 және 2021 жылғы «19»  
қаңтардағы № 21  
бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және  
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігінің  
күші жойылған бірлескен бұйрықтарының  
тізбесі**

1. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 209 және № 324 бірлескен бұйрығы.

2. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 209 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 324 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 5 қыркүйектегі № 220 және № 342 бірлескен бұйрығы.

3. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 209 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 324 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 230 және № 361 бірлескен бұйрығы.